№1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 03.09.2026 ж.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, әдістемелік кеңес мүшелері, пән мұғалімдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдістемелік кеңес құрамын, 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. (Баяндамашы: Ы. А. Жаутиков)
2. Мектептің Ішкі тәртіп ережесін бекіту.(Баяндамашы: Л. С. Исабаева)
3. 8–11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар және ғылыми жобалар конкурсын ұйымдастыру. (Баяндамашы: Н. Е. Болтай)
4. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.(Баяндамашы: А. К. Өтеш)
5. Жас мамандармен жұмыс жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту.(Баяндамашы: Л. С. Исабаева)
6. Сынып сағаттарына қатысу және олардың өтілу сапасын бақылау. (Баяндамашы: А. К. Өтеш)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша* мектеп директоры, кеңес төрағасы Ы. А. Жаутиков сөз алып, жаңа 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің құрамын таныстырып, жылдық жұмыс жоспарының басым бағыттарын атап өтті. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және білім сапасын жақсарту мақсатында жүктелетін міндеттерге тоқталды.
2. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л. С. Исабаева мектептің Ішкі тәртіп ережелерін оқып таныстырды. Мұғалімдер мен оқушылардың еңбек және оқу тәртібін сақтауы, мектеп формасы мен ішкі регламент талаптарын бұлжытпай орындау қажеттігін түсіндірді.
3. Үшінші мәселе бойынша Н. Е. Болтай сөз сөйлеп, 8–11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада мен ғылыми жобалар конкурсына дайындық барысын баяндады. Оқушыларды ерте бастан ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартып, пән мұғалімдері тарапынан сапалы жетекшілік етуді ұсынды.
4. Төртінші мәселе бойынша А. К. Өтеш ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, мектеп пен отбасы арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету, «Педагогикалық қолдау орталығы» аясында атқарылатын шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізу кестесін таныстырды.
5. Бесінші мәселе бойынша Л. С. Исабаева жас мамандармен жұмыс жасау жоспарын бекітуді және жаңадан жұмысқа орналасқан жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі мұғалімдер арасынан тәлімгерлерді бекітуді ұсынды.
6. Алтыншы мәселе бойынша А. К. Өтеш сынып сағаттарының өтілу сапасын арттыру, тәрбиелік мәні бар тақырыптарды қамту және әкімшілік пен

әдістемелік кеңес мүшелерінің сынып сағаттарына қатысу кестесін белгілеу туралы айтып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектептің 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Мектептің Ішкі тәртіп ережесі мақұлдансын және барлық педагогтер мен оқушыларға орындау міндеттелсін.

3. 8–11 сынып оқушыларының республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсына қатысуға дайындық жұмыстары жүйеленсін. Пән мұғалімдері мен жетекшілерге тапсырмалар жүктелсін. (Жауапты: Н. Е. Болтай)

4. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары мақұлданып, тәрбиелік шаралар уақытылы ұйымдастырылсын. (Жауапты: А. К. Өтеш)

5. Жас мамандармен жұмыс жоспары мен тәлімгерлер құрамы бекітілсін. (Жауапты: Л. С. Исабаева)

6. Сынып сағаттарына қатысу және олардың сапасын бақылау кестеге сәйкес тұрақты жүргізілсін. (Жауапты: А. К. Өтеш)

Кеңес төрағасы: Ы. А. Жаутиков

Кеңес хатшысы: Хауспай Ә. А.